

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 8 мамыр N 810. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.12. N 1278 қаулысымен. ~P981278

"Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3379 U973379_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы Республикалық құқықтық ақпарат орталығының және оны облыстардағы филиалдарының базасында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрін жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1997 жылдың 15 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрін құруға және оны жүргізуге, сондай-ақ оларды тіркеуге байланысты жұмыстарды қаржыландыру көздері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін:

1998 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын дайындау кезінде нормативтер және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрін және ведомстволық нормативтік актілерді жүргізумен айналысатын қызметкерлердің штаттық саны туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұсынысын қарасын.

4. Әділет министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін "Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3379 U973379_ Жарлығына сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс тапсырсын.

5. Мыналардың:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 наурыздағы N 279 P940279_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 14 ,
1 3 6 - қ ұ ж а т) ;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 28-тармағының;

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қазандағы N 1327 P951327_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының

ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 32, 407-құжат) бекітілген заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 10-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 8 мамырдағы
N 810 қаулысымен
Бекітілген

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу
туралы
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасы Президентіне есеп беретін және оның бақылауындағы мемлекеттік органдардың: Ұлттық Банктің, Орталық сайлау комиссиясының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттіктің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, сондай-ақ облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың)

жергілікті өкілді органдарының, әкімдерінің "өте құпия" деген белгісі барлардан басқа азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қозғайтын немесе ведомствоаралық штаты бар, олардың қолданылу мерзімі (тұрақты немесе уақытша) мен ондағы қамтылған мәліметтердің сипатына карамастан, нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеуге жатады.

2. Қазақстан Республикасы Президентіне есеп беретін және оның бақылауындағы мемлекеттік органдардың: Ұлттық Банктің, Орталық сайлау комиссиясының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Ұлттық агенттіктің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ведомстволардың, сондай-ақ Республика астанасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілерін тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Облыстардың (республикалық мәні бар қалалардың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының және әкімдерінің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді тиісінше облыстық (қалалық) әділет басқармалары жүзеге асырады.

3. Нормативтік құқықтық актілер тиісті мемлекеттік басқару органының басшысы қол қойған (бекіткен) соң, олар шығарылған сәттен бастап екі апта ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі үш данада ("құпия" белгісі бар құжаттар қазақ және орыс тілдерінде бір данада беріледі) тіркеуші органға беріледі.

Нормативтік құқықтық актіні бірнеше министрлік, мемлекеттік комитет, ведомство, сондай-ақ заңдармен белгіленген өзге мемлекеттік органдар бірлесіп қабылдаған жағдайда, оны тіркеуге ұсыну актіге қол қойғандар (бекіткендер) ішінде бірінші болып көрсетілген органға жүктеледі.

4. Нормативтік құқықтық актіге негіздеу-анықтама қоса беріледі, ол нормативтік құқықтық актіні шығару негіздерін (құжатты тіркеуге ұсынған органның құзыреті; жоғары тұрған органының шешімі; аталған мәселе жөніндегі бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілер және мемлекеттік тіркеуге ұсынылған нормативтік құқықтық актіні қабылдауға байланысты оларды өзгерту немесе күші жойылған деп тану туралы ұсыныстар дайындау туралы мәліметтер, өзге негіздер) қамтиды. Нормативтік құқықтық актіге бірінші басшы қол қоюға, ал қоса беріліп отырған негіздеу-анықтамаға аталған актіні шығарған орган заң қызметінің бастығы (ол болмаған жағдайда - заң кеңесшісі) қол қоюға тиіс.

Заңсыз нормативтік құқықтық актілерді шығарғаны үшін, сондай-ақ оларды мемлекеттік тіркеуге ұсыну тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

5. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуді Қазақстан

Республикасының әділет органдары нормативтік акт берілген күннен бастап 30 күн ішінде жүргізеді. Нормативтік құқықтық актіні қосымша зерделеу және сарапшыларды тарту қажет болған жағдайда тіркеуші органның басшысы (немесе оның орынбасары) тіркеу мерзімін 30 күннен аспайтын мерзімге ұзарта а л а д ы .

6. Ұсынылған нормативтік құқықтық акт бойынша оның Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келуіне құқықтық сараптама жүргізіледі және тіркеуші органның басшысы (немесе оның орынбасары) бекітетін қорытынды шығарылады.

7. Қазақстан Республикасы Президентіне есеп беретін және оның бақылауындағы мемлекеттік органдардың, Республика Үкіметінің құрамына кірмейтін, министрліктердің, комитеттер мен ведомстволардың, Республика астанасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының тіркелген нормативтік құқықтық актілері алдымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүргізетін Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне, онан соң Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдарының және әкімдерінің тіркелген нормативтік құқықтық актілері облыстық (қалалық) әділет органдарының Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне, одан соң Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүргізетін Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

8. Егер нормативтік құқықтық акт азаматтардың заңдарымен белгіленген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе немесе оларға заңдармен көзделмеген міндеттер жүктесе, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келмесе, онда жаңа құқықтық нормалар болмаса, оны шығарған органның құзыреттерінің шегінен асса, егер келісу міндетті болса, мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен келісілмеген болса, нормативтік құқықтық актіні тіркеуден бас тартылады.

9. Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған нормативтік құқықтық актілер оларды шығарған органға бас тарту себептері көрсетілген қорытындымен қоса екі данада (үшінші дана нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде қалады) қ а й т а р ы л а д ы .

Актілерін тіркеуден бас тартылған мемлекеттік органдар бас тарту туралы шешімге сот тәртібімен шағымдана алады.

10. Тіркелген актіде қолданылып жүрген заңдардың бұзылуы анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі нормативтік актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытындыны жоя алады. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі және Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізіліміндегі тиісті жазулар жойылады және Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінен тіркеу нөмірі алынып тасталады, бұл жөнінде аталған нормативтік құқықтық актіні шығарған органға және бұқаралық ақпарат құралдарына хабарланады.

11. Егер актінің өзінде оның күшіне енуінің бұдан кеш мерзімі белгіленбесе, нормативтік құқықтық акті оған мемлекеттік тіркеу нөмірі берілген күннен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Мемлекеттік тіркеуден кейін қорытынды және нормативтік құқықтық актінің бір данасы, оған берілген тіркеу нөмірімен қоса құжатты тіркеуге ұсынған органға жіберіледі. Нормативтік құқықтық актінің және қорытындының екінші данасы ("күпия" белгісі бар құжаттардан басқа) жариялауға жіберіледі. Үшінші дана тіркеуші органда қалады. Нормативтік құқықтық актіні жөнелту және жариялау кезінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні міндетті түрде көрсетілуге т и і с .

12. Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркеуге ж а т а д ы .